

"Бәйтерек" ұлттық басқарушы холдингі" акционерлік қоғамына бюджеттік кредит берудің қаражатын пайдалану қағидаларын және оның негізгі талаптарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 28 сәуірдегі № 251 қаулысы

2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 180-бабының 2-тармағына, «2016 – 2018 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» 2015 жылғы 30 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабына сәйкес

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған:

1) «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының бюджеттік кредит беру қаражатын пайдалану қағидалары;

2) «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамына бюджеттік кредит берудің негізгі талаптары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы, Инвестициялар және даму министрліктері заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамымен кредиттік шарт ж а с а с у д ы ;

2) кредит берудің негізгі және қосымша талаптарының орындалуын бақылауды;

3) бюджеттік кредиттің мақсатты және тиімді пайдаланылуын, өтелуі мен оған қызмет көрсетілуін бақылауды және мониторингтеуді қамтамасыз етсін.

3. «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы тоқсан сайын, есепті кезеңнен кейінгі айдың 10-шы күнінен кешіктірмей Қазақстан Республикасының Қаржы, Инвестициялар және даму министрліктеріне кредиттің игерілуі туралы ақпарат б е р с і н .

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрлігіне жүктелсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 6

ж ы л ғ ы

2 8

с ә у і р д е г і

№

2 5 1

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының бюджеттік кредит беру қаражатын пайдалану қағидалары 1. Жалпы ережелер

1. Осы «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының бюджеттік кредит беру қаражатын пайдалану қағидалары «2016 – 2018 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» 2015 жылғы 30 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабына, «2016 – 2018 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 8 желтоқсандағы № 972 қаулысына сәйкес әзірленді және «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ) бюджеттік кредит беру қаражатын пайдалану тәртібін айқындайды.

2. Бюджеттік кредит беру қаражатын пайдалану тәртібі

2. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-ға 206 «Қазақстан ипотекалық компаниясы» ипотекалық ұйымы» акционерлік қоғамына жалға берілетін тұрғын үй құрылысына кейіннен кредит беру арқылы «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамына кредит беру» республикалық бюджеттік бағдарламасы бойынша кредиттік шарт және жеке қаржыландыру жоспарына сәйкес мерзімде бюджеттік кредит қаражатын аударуды жүргізеді.

3. «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ «Қазақстан ипотекалық компаниясы» ипотекалық ұйымы» акционерлік қоғамына (бұдан әрі – «ҚИК» ИҰ» АҚ) «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ және «ҚИК» ИҰ» АҚ арасындағы кредиттік шарттарда көзделген мерзімде жалға берілетін тұрғын үй құрылысына кредит береді.

4. «ҚИК» ИҰ» АҚ бюджеттік заңнамаға, мемлекеттік сатып алу туралы заңнамаға және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 28 маусымдағы № 728 қаулысымен бекітілген Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасына сәйкес тұрғын үй құрылысына бюджеттік кредит қаражатын пайдаланады.

5. «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ бюджеттік кредит қаражатының мақсатты және тиімді пайдалануын қамтамасыз етеді.

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 6

ж ы л ғ ы

2 8

с ә у і р д е г і

№

2 5 1

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамына бюджеттік кредит берудің негізгі талаптары

«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамына (бұдан әрі – қарыз алушы) кредит беру үшін мынадай негізгі талаптар белгіленеді:

1) кредит мөлшері 19092292000 (он тоғыз миллиард тоқсан екі миллион екі жүз тоқсан екі мың) теңгені құрайды;

2) кредит қарыз алушыға жеделдік, ақылылық және қайтарымдылық шарттарында 30 (отыз) жыл мерзімге жылдық 0,1 %-ға тең сыйақы мөлшерлемесі бойынша теңгемен беріледі;

3) республикалық бюджеттен кредитті бөлу қарыз алушының шотына біржолғы кредиттің бүкіл сомасын аудару жолымен жүзеге асырылады;

4) игеру кезеңі қарыз алушының шотына кредит аударылған күнінен бастап 2 (екі) жылды құрайды;

5) кредит бойынша есептелген сыйақыны төлеу жылына 1 (бір) рет жүзеге асырылады. Есептелген сыйақының алғашқы төлемі қарыз алушының шотына кредит қаражаты аударылған күнінен бастап 1 (бір) жыл өткен соң жүргізіледі;

6) кредит бойынша негізгі борышты өтеуді қарыз алушы 2027 жылдан бастап тең үлестермен жеңілдік кезеңінің мерзімі өткеннен кейін жүзеге асырады. Жеңілдік кезеңі 10 жылды құрайды;

7) кредит берудің мақсаты қарыз алушының «Қазақстандық ипотекалық компаниясы» ипотекалық ұйымы» акционерлік қоғамының еншілес ұйымына жалға берілетін тұрғын үй құрылысына 30 (отыз) жыл мерзімге жылдық 0,15 % сыйақы мөлшерлемесімен кредит беруі болып табылады.